

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жеңіс Ернұр Ерболұлы
zhenis.vernur@mail.ru

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті, 2 курс Құқық мамандығының студенті,
Ғылыми жетекші - заң ғылымдарының докторы
Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Қазіргі әлемде салықтар тек мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің негізі ғана емес. Дамыған елдердің салық жүйелерінде салықтарды экономиканы және әлеуметтік саланы реттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде пайдалану тән. Салықтар арқылы мемлекет шаруашылық субъектілерінің қызметін ынталандырушы немесе шектеуші әсерін тигізеді. Салық жүйесінің кемшіліктері шағын кәсіпкерліктің дамуына көп жылдар бойы елеулі кедергі болып келеді. Бұл мәселе Қазақстан экономикасының тұрақты және әртараптандырылған даму жолындағы негізгі бөгеттердің бірі ретінде қарастырылуда. Салық жүйесінің құрылымдық кемшіліктеріне тоқталатын болсақ, шағын бизнес үшін салыстырмалы жоғары салық мөлшемелері, еліміздегі салық жүйесі біршама күрделі және көптеген кәсіпкерлер үшін түсініксіз болуы, оған қоса салық есептілігі мен оны төлеу процедуралары шағын кәсіпорындар үшін тым күрделі және біраз уақытты талап етеді. Мемлекеттік бақылау мен қолдану функцияларының жүзеге асырылуындағы дисбаланс арқылы шағын және орта бизнес өкілдерінің шаруашылығына кері әсерін тигізіп қана қоймай, қысым көрсетеді.

Салық заңнамасындағы бұл мәселелердің пайда болуының себебі қандай? Біріншіден, салық кодексінің жиі өзгеруі кәсіпкерлердің ұзақ мерзімдегі жоспарлауға мүмкіндігін азайтады. Екіншіден инфляцияның өсуі, ұлттық валютаның құнсыздануы, сыртқы нарықтағы тұрақсыздық. Бұл факторлар шағын және орта бизнес сыртқы экономикалық жағдайға тәуелді болуынан туындайды. Үшіншіден, салық саясаты кейде кәсіпкерлікке қолдау көрсетуден гөрі мемлекеттік кірісті арттыру мақсатында жүргізіледі.

Жоғары да аталған өзекті мәселелердің шешу, салық заңнамасын тұрақтандыру бойынша ұсыныстарым бар екенін айтқым келеді. Олар: Салық саясатының болжамдылығын арттыру үшін нақты стратегия мен жоспарларды қабылдау;

Инновациялық жобаларды жүзеге асыратын кәсіпорындарға салықтық қолдау көрсету;

Шағын және орта бизнеске арналған жеңілдіктер жасау, оларға ашық түрде қолдау көрсету;

Қоғамдық ұйымдар мен кәсіпкерлердің қатысуымен салық реформаларын талқылау;

Эстония, Сингапур және Еуропалық Одақ елдерінің шағын бизнесті қолдау саласындағы салықтық реформаларын зерттеу;

Тиімді халықаралық стандарттарды енгізу. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында, ол Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген, салық заңнамасының жетілдірілуіне қатысты келесі қағидаттар ерекше атап өтілген:

Салықтар мүмкіндігінше минималды болуы тиіс;

Салықтарды жинауға арналған шығындар да минималды болуы қажет;

Салықтар бәсекелестікке кедергі келтірмеуі керек;

Салықтар мемлекеттің экономикалық саладағы құрылымдық саясатына сәйкес болуы тиіс;

Салықтар табыстарды әділ бөлуге бағытталуы керек;

Салық жүйесі қосарланған салық салуды болдырмауы тиіс.

Кіші және орта бизнеске қатысты салық салудың өткір мәселелерінің бірі – амортизация тәртібі. Қазіргі амортизация тәртібі қалдық құн бойынша есептеліп, оны 40 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік береді, бұл жасырын салық салуға жол ашады. Өз кезегінде, кәсіпкерлерге осы қаражатты 30% мөлшеріндегі салықпен табыстан қайта қалпына келтіру қажет, ал амортизацияны қысқарту салық базасын ұлғайтады. Амортизацияны ұзақ мерзімге созу бизнеске активтердің құнын кейінге қалдыруға мүмкіндік береді, бұл қысқа мерзімде салықтық міндеттемелерді азайтады. Алайда бұл ұзақ мерзімде "жасырын салық салуды" тудыруы мүмкін, себебі салықтық міндеттемелер болашақта ауысады. Амортизация компанияның декларациялайтын пайдасын азайтады, сондықтан амортизация мерзімі ұзартылған сайын, пайдаға салынатын салықтың есептелетін базасы ұлғаяды. Бұл амортизацияның төмендеуі салықтық табыс базасын арттырады, бұл өз кезегінде салықтың көбеюіне әкеледі, ол 30%-ды құрайды. Кәсіпкерлер үшін бұл қаражатты пайда есебінен қалпына келтіру қажеттілігін тудырады, ал пайда салық салынғаннан кейін, бұл қосымша қаржылық жүк тудырады. Бұл мәселелер заңнаманы жақсартуды талап етеді, өйткені амортизацияға қатысты әдіснаманы икемді және әділ ету шағын және орта бизнестің дамуына ынталандыру жасайды. Кіші кәсіпорындар үшін жеңілдетілген салық жүйесінің бір түрі бар — бұл жеңілдетілген декларация, ал жеке кәсіпкерлер үшін екі түрі бар: патент және жеңілдетілген декларация. Бұл жүйе кіші кәсіпкерлерге салық есептеулерін жеңілдетуге көмектесуге арналған, бірақ оның кейбір қиындықтары да бар. Жеңілдетілген салық жүйесі тек екі салыққа — табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша жеңілдіктер береді. Бірақ басқа салықтар мен төлемдер бойынша кәсіпкерлер жалпы ережелермен жұмыс істеуге мәжбүр. Егер бизнес бір салық режимінен екіншісіне өтуді шешсе, бұл бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде қиындықтар тудыруы мүмкін. Бұл әсіресе бухгалтерия мамандары жоқ кіші бизнес үшін қиын. Жеңілдетілген салық жүйесі барлық кіші және орта бизнес субъектілеріне қолайлы емес, сондықтан көптеген кәсіпорындар бұл жүйені пайдалана алмайды және күрделірек ережелермен жұмыс істеуге мәжбүр.

Осылайша, жеңілдетілген салық жүйесі кіші кәсіпорындар үшін кейбір қиындықтарды шешуге көмектеседі, бірақ ол барлық мәселелерді шешпейді және қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін.

Салық заңнамасының тұрақсыздығының Қазақстан экономикасына әсерін нақты мысалмен көрсетуге болады. 2024 жылы пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС) бойынша алтын үшін мөлшерлемелер 7,5%-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіш Өзбекстандағы (7%), Ресейдегі (6%) және Моңғолиядағы (5%) мөлшерлемелерден жоғары, нәтижесінде Қазақстан инвесторлар үшін тартымдырақ елдермен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуы мүмкін. Мұндай өзгерістер геологиялық барлау мен өндірісті кеңейту бойынша инвестициялардың қысқаруына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, сарапшылар салық саясатының болжамсыздығы инвесторлардың сенімін төмендететінін атап көрсетеді [1, 16].

Мұнай емес сектордың КТС өнімділігіне келетін болсақ, Қазақстанда ол 20% мөлшерлеменен 0,14, ал Ресей мен Әзірбайжанда осы мөлшерлеменен 0,19 және 0,18-ді құрайды екен. Осылайша, Қазақстанда салық ставкалары төмен болса да, салықтардың жиналуы мен өнімділігі өте төмен екенін көріп отырмыз, бұл қолданыстағы салықтық әкімшілендірудің тиімсіздігін көрсетеді.

«Салықтық жеңілдіктер ретінде арнайы экономикалық аймақтар, инвестициялық келісім-шарттар, салық шегерімдері, төмендетілген ставкалар, нөлдік ставка шеңберінде салық жеңілдіктері, мысалы, экспортқа ҚҚС кезіндегі жеңілдіктер және басқа да салық режимдерін айтуға болады. Қазіргі уақытта біздің бағалауымыз бойынша осындай салық жеңілдіктерінің 200-ден астам түрі бар, олардың жиынтық ақшалай көлемі өте ауқымды. Өз кезегінде, салық саясаты шеңберіндегі көптеген жеңілдіктер, сондай-ақ олардың жүйесіз және айқын емес қолдану критерийлері бәсекелестікті бұрмалап қана қоймайды, сонымен қатар, бюджетке алынбаған түсімдер ретінде салық базасын азайтады», деді Олжас Төлеуов.

[2, 16]

Салық заңнамасының мәселесі көптеген мемлекеттік жиындарда және отырыстарда көтеріледі. Бұл мәселенің қаншалықты өзекті екеніне тағы бір дәлел. Оған қоса, Қазақстан Республикасының Президенті «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауында, Қасым-Жомарт Кемелұлы, «салық саясатын» тұрақтандыру туралы мәселені көтерді.

Президентіміздің айтуы бойынша, экономиканы дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасау керек дейді ол. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

“Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлдем жаңа жүйені қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәріне бірдей түсінікті ету өте маңызды”, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ол бұған бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде келтірді. Айтуынша, осы нормаға кәсіпкерлер сенім артқан соң, қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты. Алайда бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс. Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру тезірек нәтиже береді.

“Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал. Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек. Соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн”, – деді президент.

Алайда Тоқаев үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырды.

“Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа салық кодексін сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын”, – деді ол. [3, 16]

Бұл жолдауға сүйенсек, еліміздің экономикасының болашағы, салық заңнамасының тұрақтандыру арқылы инвестиция шақыруға мән мағына беруде. Бұл дегеніміз, Қасым Жомарт Кемелұлы шағын және орта бизнестің дамуының тежелуінің себебі екені айқын айтылуда.

Кәсіпкерлікті қолдау – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарының бірі. 2030 жылға қарай экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесі 40%-дан жоғары болуға тиіс. Ол үшін отандық кәсіпкерлікті қолдау бойынша жүйелі шаралар іске асырылды, Үкімет «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, осы саладағы заңнамалық базаны жетілдіруде. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров өткен жылдың қорытындысы бойынша республикада жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының қатары 23,4%-ға өсіп, 2 млн-ға жеткенін баяндады. Осы секторда жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 18%-дан астамға артып, 4,1 млн адамға жетті. Жалпы бүгінде экономикалық белсенді адамдардың шамамен 40%-ы ШОБ-та жұмыс істейді. ШОБ нысандарының өнім шығару көлемі де 28%-ға өсіп, 59 трлн теңгеден асты.

Бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту мақсатында кәсіпкерлерге қатысты жаңа реттеушілік саясатты енгізу, атап айтқанда, артық және ескірген талаптарды жою бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұдан басқа мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың барлық саласында тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру жүргізілуде. Бұл 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап адамдардың қатысуынсыз бизнесті тексеру шараларын тағайындауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде жоспар бойынша тексерулер саны 2 есе азаяды деп күтілуде. Оған қоса қазіргі уақытта жаңа Салық кодексі әзірленуде. Ол барлық процесті толық цифрландыра отырып, салықтық әкімшілендіруді айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ өткен

жылдан бері кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеу шаралары іске қосылды. Сонымен қатар мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. [4,16]

Қазақстандағы мәселелерді құқықтық реттеу елдің тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі тетігі болып табылады. Ол экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларда тәртіп орнатып, даму үшін қолайлы жағдай жасайды. Құқықтық реттеу - экономикалық тұрақтылықтың негізі. Заңнаманың тұрақтылығы кәсіпкерлерге өз қызметін сенімді түрде жоспарлауға мүмкіндік береді. Мысалы, салықтық заңнаманың тұрақсыздығы кәсіпкерлер үшін қосымша тәуекелдер туындатып, бизнестің дамуына кедергі келтіреді. Бұл Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында құқықтық базаны жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді.

Дамыған шетелдік юрисдикциялар мен ұлттықтан жоғары ұйымдарда құқықтық шешімдер қабылдау процесінің барлық кезеңі: реттеуді талап ететін проблеманы айқындау, актілер жобаларын дайындау, мүдделі тараптарды тарту, сондай-ақ тиісті актілерді қабылдау және олардың әсерін мониторингтеу бойынша оң тәжірибе қалыптасқан. Мысалы, Германиядағы Реттеуді бақылау жөніндегі ұлттық кеңес әртүрлі мемлекеттік органдар ұсынатын нормативтік құқықтық актілерді қабылдау нәтижесінде туындайтын болжамды салдарды бағалауды қарайтын қадағалау жөніндегі тәуелсіз орган ретінде әрекет етеді. Сингапурда "ақылмен реттеу" жөніндегі комитет құрылды, ол Үкімет құрамына кіретін ведомстволар қабылдайтын барлық актіні үнемі қайта қарауды қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда, оларды өзгертуге бастама жасайды. [5, 16]

Қорытындылай келе, еліміздегі салық заңнамасының және жүйесінің дұрыс қалыптаспаған түсінуге болады. Тұрақтылықтың экономикамызға деген маңыздылығы орасан зор. Шағын және орта бизнес иелері, кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, салық төлеу және салық есебін дұрыс тапсыру әдісін жеңілдету - проблеманың шешімі. Заңнаманың бұд мәселелерін шешу жолдарының ұсыныстарға назар аудара отыра, экономиканы беделдетуге мемлекет атсалысса, кәсіпкерлерлікке жаңадан есіктер ашуға болады. Жоғарыда көрсетіліп кеткендей, басқа шет елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, көңіл торарлықтай өзгеріс жасауға болатынына мен сенемін. Салық заңнамасының тұрақсыздығы тек кәсіпкерлердің емес, жалпы қоғамның экономикалық тұрақтылығына әсер етеді. Қазақстан үшін салық саясатын тұрақтандыру – елдің стратегиялық басымдығы болуы тиіс. Ұсынылған шешімдерді жүзеге асыру арқылы шағын және орта бизнестің дамуына қолайлы жағдай жасалады, нәтижесінде ел экономикасы әртараптанып, халықтың әл-ауқаты артады. Президент Тоқаевтың бастамалары бұл бағытта сенімді қадамдар жасаудың негізі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Сериков Д. - Повышение НДС на золото увеличит затраты Polymetal в Казахстане на 5-6% - <https://agmpnews.kz/povyshenie-ndpi-na-zoloto-uvelichit-zatraty-polymetal-v-kazahstane-na-5-6/>
2. Әділбеков А. Салық саясатында Қазақстанды қандай өзгерістер күтіп тұр? – 2023 - <https://kz.kursiv.media/kk/2023-05-13/salyq-sayasatynda-qazaqstandy-qandaj-oezgerister-kuetip-tur/>
3. Скендинова Қ. “Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм” 2024 - <https://stan.kz/tokaev-salik-sayasatin-tyraktandirudi-tapsirdi-405609/>
4. Қазақстан Республикасының Премьер министрінің ресми ақпараттық ресурсы - 2024 жылдан бастап бизнесті жоспарға сай тексеру санын екі есе қысқарту жоспары 2023 <https://primeminister.kz/news/2024-zhyldan-bastap-biznesti-zhosparga-say-tekseru-sanyn-eki-ese-kyskartu-zhosparlanyp-otyr-24646>
5. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы 2021 - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674#z87>